Нөмірі: KZ48VDC00025494
Күні: 14.08.2014

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ
«Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» Мемлекеттік Мекемесі

АКИМАТ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ
Государственное учреждение «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования» Актюбинской области

030010, Ақтөбе қаласы, Өбілқайыр хан даңғылы 40,
☎: 8(7132) 55-09-30, факс: 8(7132) 55-09-34
e-mail: nedra2004@inbox.ru

030010, город Актобе, пр..Абилкайыр хана 40,
☎: 8(7132) 55-09-30, факс: 8(7132) 55-09-34
e-mail: nedra2004@inbox.ru

«Батыс Қазақстан геология және жер қойнауын пайдалану өңіраралық департаменті «Батысқазжерқойнауы»ММ

«Ақтөбе облысындағы «Құмсай» су кен орны жерасты суының қорын тыңғылықты барлауда іздеу-барлау жұмыстары» жобасына Мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы

«Ақтөбе облысындағы «Құмсай» су кен орны жерасты суының қорын тыңғылықты барлауда іздеу-барлау жұмыстары» жобасын «Ақпан» ЖШС әзірленген.

«Қоршаған ортаны қорғау» бөлімін «Akpan Oil&Gas Services» ЖШС әзірлеген (Мемлекеттік лицензия №016443Р 14.03.2014 жылы берілген).

Жоба материалдарының тапсырушысы: «Батыс Қазақстан геология және жер қойнауын пайдалану өңіраралық департаменті «Батысқазжерқойнауы» ММ, Ақтөбе қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі 5Б.

Мемлекеттік экологиялық сараптаманың қарастыруына «Ақтөбе облысындағы «Құмсай» су кен орны жерасты суының қорын тыңғылықты барлауда іздеу-барлау жұмыстары» жобасы ұсынылды.

Ақтөбе облысының жер қатынастары басқармасының 2014 жылғы 12 мамырдағы №03/04/537 шығыс хаты.

Ақтөбе облысының төтенше жағдайлар департаментінің 2014 жылғы 18 маусымдағы №23-03-10/01/1230-зп хаты;

Санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаудың 2014 жылғы 25 шілдедегі №790 тұжырымдамасы.

Материалдар қарастыруға №6245 хатпен 2014 жылы 01 тамызда түсті.

Жалпы мағлұматтар

Жобада Ақтөбе облысындағы «Құмсай» су кен орны жерасты суының қорын тыңғылықты барлауда іздеу-барлау жұмыстары қарастырылған.

Құмсай су бөгеті «СНПС-Актобемунайгаз» акционерлік қоғамының

«Кенкиякнефть» мұнай-газ өндіретін басқармасының негізі орналасқан жері болып табылатын Кеңқияқ ауылын шаруашылық-ауыз сумен қамтамасыз етеді.

Ауыл тұрғынының жалпы саны - 5245 адам. Ауыл аудан (Шұбарқұдық ауылы) және облыс (Ақтөбе қаласы) орталығымен асфальтталған жолмен байланыстырылған.

Ауылдан аудан орталығына дейінгі қашықтық - 115км, ал қала орталығына дейін - 215км.

Тыңғылықты барғылау және жерасты суларының қорын қайта бағалау бойынша түздік жұмыстар Ақтөбе қаласында орналасқан базадан басқарылады. Жұмыс аумағы Ақтөбе қаласынан 230км жерде. Учаске мен басқару орталығының бір-бірінен айтарлық қашықтығына байланысты, уақытша тұрақтың құрылуы көзделген. Барлық қажетті құралдар мен жабдықтар, жанар-жағар май және басқа да жүктер Ақтөбеден сол уақытша тұраққа жеткізіледі. Арасында 200км асфальтты жол мен 30км қара жол бар.

Учаске аумағында қозғалыс негізінен төте жол бойымен өтеді. Құмсай кен орнындағы жерасты суларының пайдаланылма қорын қайта бағалау қажеттілігі бекітілу мерзімінің аяқталуынан туындаған.

Құмсай кен орны бойынша жерасты суларының қоры мен көлемінің бекітілу мерзімі жөнінде мәлімет

Жерасты суларының қоры бар жердің атауы мен зерттеу мақсаты	Зерттеу нысаны	Жерасты суларының қорын бекіткен мекеме; Протокол № мен бекітілген күні	Категориялар бойынша пайдаланылма жерасты суларының қоры, мың $м^3$/тәулік				Есептелген пайдалану мерзімі, тәулік
			А	В	C_1	C_2	
Кеңқияқ ауылы мен мұнай кәсіпорнын ауыз-шаруашылық сумен қамтамасыз ету үшін Құмсай жері	Темір өзенінің алқабының бірінші учаскесіндегі су сақтағыш төрттік аллювиальді көкжиек	ГКЗ СССР № 4794 04.02.1966	3,4	5,2	4,33	-	10000
	Темір өзенінің алқабының сол жақ жағалау бөктеріндегі су сақтағыш альбті көкжиек		-	-	-	9,0	

Жобада объектінің технологиялық және құрылыс шешімдері, объект орналастырылатын ауданының климаттық сипаттамалары жөнінде қысқаша мәліметтер келтірілген.

Қоршаған ортаға әсерді бағалау

Объектінің құрылысы кезіндегі атмосфералық ауаға ластаушы заттектер шығару көздеріне – ЛБУ-50-04 және 2БА-15Н өзі жүретін бұрғылау қондырғылары, КВ-12/12 компрессорі, АД-315 электростансасы, топырақтың құнарлы қабатын кесіп алу және арнайы техника жұмысы жатады.

Барлау кезіндегі атмосфералық ауаға шығарылатын ластаушы заттектер тізімі

Код	Атауы	Қауіптілік класы	Шығарындылар г/сек	Шығарындылар т/жыл
0301	Азот (IV) диоксиді	2	1,5230888	0,7531592
0304	Азот (II) оксиді	3	0,2475019	0,1223883
0328	Көміртек	3	0,72411403333	0,1173395
0330	Күкірт диоксиді	3	0,2323056	0,1172235
0337	Көміртек оксиді	4	1,24616663333	0,613014
0703	Бензапирен	1	0,55964039	0,0624986847
1325	Формальдегид	2	0,0244416	0,0118008
2754	Алкандар С12-19	4	0,58991663333	0,283533
2908	70-20% қос тотықты кремний шаңы	3	0,01341	0,014914
	Барлығы		**5,16058558999**	**2,0958709847**

СҚА есебі «ЭРА. V 1.7.247» бағдарлама кешенімен әзірленген.

Жер асты және жер үсті суларына әсері

Жобаланған объектідегі су ресурстардың әсері, ағынды сулардың ластану дәрежесіне байланысты және олардың жергілікті тазарту құрылыстарында тазартылуынның мүмкіндігі бойынша, су ресурстарын тиімді пайдалану бағамен анықталады.

Құрылыс кезіндегі шаруашылық қажеттілік үшін суды тасымалданып әкелінетін болады.

Құрылыс кезіндегі жұмысшылар саны – 9 адам.

Құрылыс кезіндегі ауыз су мөлшері – 291,6м³/жыл. Құрылыс кезіндегі ағынды сулар мөлшері – 291,6м³/кезең.

Объектінің құрылысы мен пайдалануы кезінде жер асты, жер үсті суларының ластануы күтілмейді.

Топыраққа, өсімдіктер және жануарлар әлеміне әсері

Жобаны жүзеге асыру барысында топырақ қабатына, өсімдіктер және жануарлар әлеміне қайтарылмайтын кері әсерлер күтілмейді.

Қалдықтар

Объектінің құрылысы кезінде түзілетін жалпы қалдықтар:

- қатты тұрмыстық қалдықтар – 0,01тонна;
- құрылыс қалдықтары – 20,48 тонна;
- бұрғылау шламы – 6,58 тонна.

Пайда болатын барлық қалдықтар әрі қарай жою үшін арнайы кәсіпорынға келісім шарт бойынша жіберіледі. Тұрмыстық қатты қалдықтар контейнерлерге жиналып, ҚТҚ полигондарына келісім-шартқа сай жіберіледі. Құрылыс қалдықтары уақытша арнайы алаңда жиналып, арнайы кәсіпорынға тапсырылады. Бұрғылау шламы ұңғымаларды қоршау, жою жұмыстары және топырақты қалпына келіру жұмыстары кезінде қолданылады.

Қорытынды

«Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ мемлекеттік экологиялық сараптамасы «Ақтөбе облысындағы «Құмсай» су кен орны жерасты суының қорын тыңғылықты барлауда іздеу-барлау жұмыстары» жобасы **келісімін береді.**

Орын. Экологиялық сараптама бөлімінің
бас маманы Д.Губайдуллина, тел.55-26-28

Альмурзаева Салтанат Ибрагимовна